

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

Айткешов Нұрзат Маратұлы

aitnurzmcfc@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану
кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші-Ахмет Ә.С.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (1.02.2010) міндеттерін іске асыру мақсатында инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және экспортты ынталандыру жөнінде бағдарлама қабылданғаны белгілі. Стратегиялық даму жоспары мен онымен сабақтас бағдарламаның міндеттерін жүзеге асыру барысында көптеген дамыған алыс, жақын шетелдермен дипломатиялық, экономикалық, мәдениетаралық т.б. қарым-қатынастарды дамыту мақсат етілді. Осындай экономикалық тұрғыдан дамыған, озық технологиялы мемлекеттердің бірі – Жапония мемлекеті. Экономикалық өрлеу мен нарықтық реформаларды қаржыландыру барысында шетелдік инвестицияның маңыздылығы арта түседі. Осы орайда еліміздің мұнай, уран өндіру, энергетика т.б. салаларына инвестиция тартып, өндірістің дамуына, жаңа кәсіпорындардың ашылуына септігін тигізіп отырған Жапония мемлекеті мен еліміздің сауда-экономикалық байланысының бағыт-бағдарын зерделеу, сарапқа салу өзекті мәселелердің бірі деп есептейміз.

Қазақстан тәуелсіздік алған күннен бастап экономикалық жағдайын тұрақтандыру, дамыту және инвестицияларды тарту жөніндегі саясатты белсенді түрде жүзеге асырып келеді.

Қазақстан және Жапония арасындағы саяси диалог «күншығыс елінің» біздің мемлекетті 1991 жылы 28 желтоқсанда мойындауынан бастау алады. Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 26 қаңтарында орнатылды.

Қазақстандық дипломатия Жапон елімен ынтымақтастықты дамыту мақсатында белсенді бағытты ұстайды. Қазақстан мен Жапония арасындағы он тоғыз жылдық дипломатиялық қатынастар ішінде өзара ықпалдастық барлық салалар бойынша жүзеге асырылуда [1, 277-278-б.].

Солардың бірі – Қазақстан мен Жапония арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастығы. ХХІ ғасырдан бастап Қазақстан Республикасы мен «күншығыс елі» арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың жаңа серпіні қалыптасты деп айтуға негіз бар. ХХІ ғасырдағы Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық байланыстардың бастамасы – «Орталық Азия плюс Жапония» болып табылады.

2004 жылы тамызда Жапонияның премьер-министрі Й. Кавагучидің Қазақстанға іссапары нәтижесінде Астанада «Орталық Азия плюс Жапония» атты бастама шеңберінде алғашқы министрлер кездесу өтті. «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы жапондық тараппен Орталық Азиядағы интеграцияға қолдау көрсету әрі аймақтың әрбір мемлекетімен екіжақты деңгейде қарым-қатынастарды дамыту үшін ұсынылған болатын. Орталық Азия мен Жапонияның арасындағы осындай саяси диалогтың ұсынылуы Жапонияның аймақта белсенді рөлге ие болуы деген ұмтылысын байқатты [1, 283-284-б.].

2006 жылдың мамырында Жапонияда жаңа энергетикалық стратегия қабылданғаны белгілі, мұнда 2030 жылға дейін жапондық кәсіпорындары өндірген және елге әкелінген мұнай экспортын 15%-дан 40%-ға дейін өсіру мақсат етілген.

Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың, өзара тығыз байланыстың нақты нәтижесі ретінде бүгінгі күнде Қазақстан мен Жапония компаниялары арасында стратегиялық әріптестікті, ортақ жоба бойынша бірлесіп жұмыс жасап жатқан компанияларды атап көрсетуге болады. Олардың қатарында Қазақстанның «Ұлттық атом компаниясы

«Қазатомпром» АҚ және Жапонияның ірі коммерциялық біріккен компаниясы «Сумимото Корпорэйшн» (Токио) мен те электроэнергияны өндірудегі Жапонияның ірі компанияларының бірі болып табылатын «Кансай Электрик Пауэр Ко. Инк.» (Осака) жатады. Сондықтан да келесі кезекте осы «Сумимото» және «Кансай» компаниялары «Қазатомпромның» Қазақстанда құрған «АППАК» ЖШС-не инвестициялар салу жоспарлануда. Осы орайда «Қазатомпром», «Сумимото», және «Кансай» компанияларының серіктестігіне үлестер мөлшерін атап көрсетер болсақ, олардың үлес салмағы мынадай: 65%, 25% және 10%.

2007 жылдың 29-30 сәуірі аралығында Қазақстанға Жапонияның Экономика, сауда және индустрия министрі А. Амари мырза бастаған мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің мүшелері қамтылған делегацияның келуі де көптеген екіжақты мәселелердің шешімін табуына септігін тигізді.

29 сәуір күні А. Амари Қазақстан президенті Н. Ә. Назарбаевпен Сарағаш қаласында кездесіп, бірқатар өзекті мәселелер сарапқа салынды. Дегенмен, талқыланған басты маңызды мәселе атом энергетикасы саласындағы екіжақты қатынастар болды.

Жапон мемлекеттік мекемелері мен жекеменшік компаниялары және Ұлттық атом компаниясы «Қазатомпром» АҚ бастаған Қазақстан тарапынан барлығы 24 құжатқа қол қойылды, бұл келісімдер мен меморандумдар аясында уран кен орындарын игеру мәселелері де қарастырылды.

Осы іссапар негізінде қолжеткен маңызды нәтижелер 2006 жылы Жапонияның премьер-министрі Коидзумидің Қазақстанға жасаған сапары барысында қол қойылған «Жапония мен Қазақстан Республикасы арасында атом энергиясын бейбіт шараларда қолдануға бағытталған шараларды іске асыруды қолдайтын үкіметаралық меморандумның» іске асуы, жалғасын табуы болып табылады.

Соңғы 10 жыл көлеміндегі нәтижелерді салыстыра алғанда, Қазақстан мен Жапония арасында экономикалық қарым-қатынас жедел қарқынмен дамуда деген қорытынды жасауға болады. Жапон компаниялары Қазақстанның көптеген салаларына, әсіресе энергетика саласына инвестиция тартуда. Уран өндіру және уран өнімдерін шығару саласында Қазақстан мен Жапония арасында бірлескен кәсіпорындар құрылып, Қазақстанға жаңа технологиялар әкелінуде.

Экономикалық сараптамаларға сүйенер болсақ, екі ел арасындағы сауда айналымы 2007 жылы 1,7 млрд. долларды құрап, 2006 жылмен салыстырғанда (1,1 млрд. долл.) 54,5% пайызға өскен.(кесте-1)

Кесте-1. Қазақстан мен Жапония арасындағы тауар айналымы

Көрсеткіш, ж.	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007
Тауар айналымы, млн	159,1	184,7	222,62	427,87	736,15	724,9	1 752,3
Экспорт, млн	19	23,1	10,44	29,69	137,29	124	382,6
Импорт, млн	140,1	161,6	212,18	398,18	598,86	600,9	1 369,7

2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
1 783,2	857	1 082	1 594,7	1 795	1 646	1 700	1 443,3
803,9	272	554	1 040	918	626	756	858,6
979,3	585	528	554,7	877	1 020	944	584,7

Жапон компаниялары Қазақстанның мұнай игеру саласындағы ірі халықаралық жобаларына қатысуда және сирек кездесетін металлдар іздеу саласында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуде.

Сондай-ақ, Қазақстанда жапон компанияларының қатысуымен жаңа технологиялар негізінде энергия үнемдеу жобалары да іске асырылуда.

Қазақстанда Жапонияның *Дамуға ресми көмек (ODA)* бағдарламасы аясында маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Жапонияның Қазақстанға көрсеткен бүгінге дейінгі ODA көлемі 102,1 млрд. йенді (шамамен 1 млрд. долл.) құрап отыр.

2007 жылдың 29-30 сәуірінде Жапонияның экономика, индустрия және сауда министрі А.Амари мен Жапонияның ең ірі ұлттық корпорациялары, электроэнергетикалық компаниялары, сауда компаниялары, қаржы мекемелері басшыларының Қазақстанға сапары орын алды. Сапар барысында Атом энергиясын бейбіт жолда қолдану саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты нығайту жайында Бірлескен мәлімдемеге, сондай-ақ, уран саласында жиырмадан астам келісімге қол қойылды [2].

Қазақстандық экспортты негізінен металлдар, соның ішінде сирек кездесетін металлдар мен ферросплавтар, импортты машинажасау өнімдері, өндірістік және медициналық құрал жабдықтар, көлік құралдары құрайды. ҚР Ұлттық банкінің мәліметтеріне сәйкес, 2011 жылға Жапонияның Қазақстанға құйған жалпы жиынтық инвестициялары 4 млрд. доллардан асты. 2011 жылғы Қазақстан экономикасына шетелдік тікелей жапон инвестициялары 747,3 млн. долларды құрады. Жапония инвестицияларының негізгі бөлігі энергетика саласына, атап айтқанда, уран, сирек кездесетін металлдарды өндіру және уран өнімдерін шығару салаларына тиесілі. Біздің пайымдауымызша, шетел капиталын ұлттық экономикаға тарту өте тиімді үдеріс. Себебі, шетелдік инвестициялар елдің өндірістік мүмкіндіктерін жетілдіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, жаңа өндірістік кәсіпорындар ашуға және өзара тәжірибе алмасуға септігін тигізді.

Энергетикалық әріптестікті дамыту үшін 2010 жылғы 2 наурызда Токиода Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану туралы келісімге қол қойылды. Бұл құжат осы саладағы ынтымақтастықтың негізгі принциптерін анықтайды. 2012 жылғы 1-2 мамырда Жапония Экономика, сауда және индустрия министрі Ю.Эданоның Қазақстанға сапары өтті. Сапардың қорытындысы бойынша ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Жапония Экономика, сауда және индустрия министрлігі арасындағы Экономикалық ынтымақтастық туралы меморандумға, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Жапонияның Жаңа энергетикалық және өндірістік технологияларды дамыту ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға, сондай-ақ «Қазатомпром» ҰАҚ» АҚ мен жетекші жапон компаниялары арасындағы бірқатар құжаттарға қол қойылды [3].

Жапонияның Экономика, сауда және индустрия министрі (METI) Юкио Эданоның Қазақстанға жасаған ресми сапары аясында «Қазатомөнеркәсіп» компаниясы және жапондық серіктестер арасындағы ынтымақтастық туралы бірқатар Меморандумдарға қол қойылды. Тараптар мына құжаттарға қол қойды:

1. Жапонияның Халықаралық Ынтымақтастық банкімен (JBIC) жан-жақты стратегиялық серіктестік бойынша өзара түсіністік туралы Меморандум.

Құжатқа Қазақстан жағынан «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Айдар Арифханов, JBIC тарапынан Ядролық және жаңғырмалы энергия саласындағы қаржыландыру департаментінің, Энергетика, табиғи ресурстарды өндіру және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қаржыландыру тобының Бас директоры Ютака Фунада қолдарын қойды.

Меморандум Қазатомөнеркәсіп пен JBIC-тың екі ел үшін қызығушылық тудыратын салаларда өзара тиімді қызмет жүргізу және әлеуетті мүмкіндіктерді іске асыру үшін ынтымақтастықты жалғастыру және нығайту ниеттестіктерін бекітеді. Қазатомөнеркәсіп пен JBIC арасындағы серіктестік Қазақстандағы сирек және сирек-жер металдар өндіру және өнімдер шығаруды дамыту, экологиялық жобаларды жүзеге асыру бойынша қазақстан-жапон бірлескен жобаларын, сондай-ақ жапондық компаниялар қатысуы мүмкін Қазатомөнеркәсіптің басқа да жобаларын қаржыландыруда Қазатомөнеркәсіптің ықтимал сұраныстарын қарастыруда оңайлатылған рәсімдеу арқылы икемді жанасу саласында жүргізілетін болады.

2. Қазақстан Республикасында сирек металдар әзірлеу жобасы бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ, Sumitomo Corp. және Жапонның мұнай, газ және металл

корпорациясы (Japan Oil, Gas and Metals National Corporation (JOGMEC) арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық пен ниеттестік туралы Меморандум.

Меморандумға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ тарапынан компанияның Басқарма төрағасының орынбасары Сергей Яшин, жапондар жағынан Sumitomo Corp. Аға Басқарушы Атқарушы директоры Тору Фурихата және JOGMEC президенті Хиробуми Кавано қолдарын қойды.

Меморандум «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен Sumitomo Corp. компаниясының «SARECO» БК қызметі шеңберінде сирек металдардың ұжымдық және жекелеген концентраттарының тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісін құру жобасын бірлесе дамыту бойынша қол жеткізген жетістіктерін, сондай-ақ Қазақстан аумағында сирек-жер металдар кен орындарын игеру және сирек-жер металдар негізіндегі өнімдердің қосымша құнын ұлғайту мақсатында Жапония технологиясын Қазақстанға трансферттау саласындағы келісімдерді нығайта түседі [4].

2015 жылдың 28 қазанында Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізге ресми сапармен келген Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэмен кездесті.

Қазақстан басшысы екі елдің сауда-экономикалық даму және инвестициялық өзара ықпалдастық көрсеткіштеріне тоқталды. Айталық, 2013-2014 жылдарда елдеріміз арасындағы тауар айналымы 2 миллиард доллар болды. Ал 2015 жылдың бірінші жартысында бұл көрсеткіш 600 миллион долларды құрады. 10 жылда Қазақстанға келген жапон инвестициясының көлемі шамамен 5 миллиард доллардай болады. Сонымен қатар, Жапония ресми көмек ретінде Қазақстанға 1,2 миллиард доллар берді. Елімізде бірқатар ірі компаниялар белсене жұмыс істеуде.

Мәселен, бүгінде 50 бірлескен кәсіпорын тіркелген, құны 700 миллион доллардан асатын 6 бірлескен жоба іске асырылған. Сондай-ақ, 2014 жылы Қостанайда «Тойота» автомобильдерін құрастыру зауытын ашу да айшықты оқиға болғанын атап өтуге болады.

«Қазақстан мен Жапония – стратегиялық әріптестер. Біз экономикалық байланыстарды өте жоғары деңгейде құра алдық. Қазақстанда көлік, тау-кен, металлургия, химия, машина жасау салаларында құны 750 млн. доллар болатын жапон капиталының қатысуымен 50 компания жұмыс істейді», – деді Қазақстан Президенті форумда сөйлеген сөзінде.

Елбасы Қазақстан тартымдылығын ұлғайту, бизнес ортаны жақсарту, халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған 5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлт жоспары жасалғандығын да айтып өтті. «Қазақстанда индустриялық-инновациялық бағдарлама жүзеге асырылып жатыр, 770 жаңа кәсіпорын ашылып, 75 мың жұмыс орны құрылды. Биыл оның екінші бесжылдығы басталды. Ол алты басым бағыт бойынша өтеді, өңдеуші өнеркәсіп: мұнай-химия, металлургия, химия, машина жасау, құрылыс материалдарын жасау, тамақ өнеркәсібі. Осының барлығына жапон кәсіпкерлері инвестиция құя алады. Инвесторлар жер салығынан босатылады. Сонымен қатар, 20 елдің кәсіпкерлеріне визасыз режим енгізілген. Оның ішінде Жапония да бар», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Форум қорытындысы бойынша екіжақты құжаттарға, оның ішінде ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығындағы машина жасау саласын қайта қаржыландыру, автокөлік терминалын жасау және өзге де тақырыптар бойынша меморандумға қол қойылды [5].

Демек, алдағы Қазақстан мен Жапония арасындағы экономикалық байланыстар жоғарыда елбасы атап көрсеткен алты басым бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Қорыта айтқанда, шетелдік инвестицияны тарту тек қаражаттың ғана емес, шетелдік технологиялардың келуіне, басқару тәжірибесінің ауысуына, инновациялық үдерістердің орын алуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменов Т.С., Сомжүрек Б.Ж., Елмырзаева Р.С. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты//Экономика баспасы.-2012.

2. http://temakosan.net/load/khaly_araly_atynastar/aza_stan_respublikasy_men_zhaponija_ara_synda_y_atynastar/66-1-0-2792.
3. <http://mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stanny-yntyma-tasty-y/aziya-zh-ne-afrika-memleketterimen-atynastar/8-material-aza/61-aza-stan-respublikasy-men-zhaponiya-arasynda-y-atynastar>.
4. <http://www.kazatomprom.kz/kk/#!/content>.
5. <http://egemen.kz/2015/10/28/4244>.

УДК 24-673.5

НАЦИОНАЛЬНОЕ СВОЕОБРАЗИЕ РЕЧЕВОГО ЭТИКЕТА И ПРАВИЛ ВЕЖЛИВОСТИ КАЗАХСКОЙ И РУССКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУР В КОНТЕКСТЕ ИДЕЙ ЕВРАЗИЙСТВА

Альмухамбетова Салтанат Уразбековна

a_saltanat_u@bk.ru

студентка 1 курса специальности «Регионоведение»

ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научные руководители – к.и.н., доцент М.М. Абишева,

д.ф.н., проф. М.Б. Нуртазина

Известно, что каждый народ создавал и создает свою собственную систему правил и канонів речевого поведения как важного элемента национальной культуры в целом. В любом языке, в речевом поведении, в разных устойчивых формулах (стереотипах) общения отражаются богатейшая народная мудрость, уникальность обычаев, образа жизни, условий быта каждого народа, особенно когда мы ведем речь о таком регионе, как Евразийское пространство [1, с.119], о чем неоднократно отмечал Первый Президент нашего уникального государства – Лидер нации Н.А. Назарбаев [2, с.26]. В концепции «План нации – 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ» Глава нашего государства Нурсултан Назарбаев отмечал, что «100 конкретных шагов» – это ответ на глобальные внутренние вызовы и одновременно ПЛАН НАЦИИ по вхождению в 30-ку развитых государств в новых исторических условиях. В числе 5-ти ПРЕЗИДЕНТСКИХ РЕФОРМ – это «нация единого будущего» [2, с.8] в контексте «новой глобальной реальности и направлений антикризисных и структурных преобразований» [2, с.11].

В этом контексте неоднократно было отмечено, что духовными приоритетами Республики Казахстан являются историческая самобытность, этническая уникальность, основанных «на идее толерантности и уважении к иным ценностям» [2, с.7]. Как утверждает акад. А. Сейдимбек, «ядром речевого этикета является вежливость в различных ее проявлениях: официальная вежливость, любезность, приветливость, корректность, почтительность, учтивость, обходительность, тактичность, деликатность, галантность» [3, с.15].

Актуальность настоящей статьи обусловлена возрастанием роли межкультурной коммуникации в связи с расширением границ международного сотрудничества Казахстана и в этом аспекте потребности знаний национально-культурной специфики этикета и вежливого поведения всех этносов, направленных на достижение взаимопонимания между народами, проживающими на территории Казахстана. В наши дни наблюдается повышенный интерес историков, лингвистов, регионоведов, этнологов к проблемам межкультурного общения и взаимодействия представителей казахской и русской лингвокультуры, и все это требует углубленного исследования различных форм языкового и неязыкового поведения с использованием формул этикета и правил вежливости.

Необходимость проведения такой работы усиливается тем, что исследование традиционно сложившихся речевых формул вежливой коммуникации, отражающих быт,